

№46 абай атындағы жалпы орта мектебі мемлекеттік мекемесі



Мектеп директоры

Б. Рысбаев

Математика, физика, информатика пән бірлестігінің жоспары

2023-2024 оқу жылы

Бірлестік жетекшісі: Туктибаева Г

Әдістемелік бірлестіктің Ережесі

1. Жалпы ережелері.

1.1. Әдістемелік бірлестік – мектептің ғылыми – әдістемелік жұмысындағы басты құрылымы болып танылады.

Бір немесе бірнеше пәндер бойынша оқу- тәрбиелілік, әдістемелік тәжірибе – сараптамалық және сыныптан тыс жұмыстарды жүзеге асырады.

1.2. ӘБ ҚР - ның Конституциясын, ҚР Президентінің Жарлығын, ҚР Үкіметінің шешімдерін, бала құқығы туралы Тұжырымдаманы, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша білім беруді басқару органдарының сұрақтары, мектептің жергілікті құқықтық актілері мен жарлығын, директордың бұйрығы мен тапсырмаларын өз қызметінде басшылыққа отырып сақтайды.

1.3. ӘБ – жеке ұйым, сонымен қатар мектептің әдістемелік кеңесіне кіреді.

2. Әдістемелік бірлестіктің мақсаты мен міндеті.

2.1. **ӘБ мақсаты** – мұғалімдер ұжымының кәсіби шеберлігін арттыру, оның шығармашылық қарымын, тұлғалық дамыту.

2.2. ӘБ міндеттері:

- Мұғалімдер ұжымын ғылыми – әдістемелік бастамалармен таныстыру.

- Мұғалімнің ғылыми – әдістемелік жағынан өсуін, оның шығармашылық бастамасын дамытуға, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал жасау.

3. Әдістемелік бірлестік жұмысының мазмұны.

3.1. ӘБ жұмысының мазмұны ҚР білім беру саласындағы заңнамалық актілері, ҚР ұлттық моделді мектептерді дамыту бастамалары, мектептің әдістемелік тақырыбы, ғылымдағы психо – педагогикалық инновациялардың мазмұны, пәндердің оқытылуы негізінде анықталады.

3.2. ӘБ – бір пәннен кемі 5 мұғалімді құрайды немесе сабақтас пәндермен бірлесіп құрауға болады.

3.3. ӘБ жұмыс жоспары бекітіледі (мектеп директорының қолы, мөрі).

3.4. ӘБ жұмысын демократиялық, жариялылық, ӘБ мұғалімдерінің пікірімен санасып және құрметтеу принциптеріне сүйеніп құрайды.

3.5. ӘБ тоқсанына 1 рет отырыс жасайды. Отырыстарарасында әдістемелік шаралар өтіледі.

4. ӘБ мүшелерінің құқығы мен міндеттері.

4.1. ӘБ мүшесі құқылы:

- өз жұмысы мен әріптесінің жұмысын талдауға;
- ӘБ мүшесін аттестаттауға қатысуға;

- ӘБ мүшесінің қарымдық мүмкіндігін зерттеп анықтауға;
- Жаңа технологияларды, формалар мен әдістерді қолдануды өзі жасап, оны баспаға шығаруға;
- Мадақтауға үміткер мұғалімдерді ұсынуға;
- Мектептегі оқу үрдісін жақсартуға өз ұсынысын жасауға.

4.2. ӘБ мүшесінің міндеті

- Жүзеге асырушылық (мұғалім мен оқушыны үйретуде жаңа қарым – қатынасты белсенді пайдалану).

Қызметтің бағыттары.

1.Инновациялық қызмет:

- ОТУ (УВП) жаңа технологиялар арқылы дидактикалық ортаны байыту;
- мұғалімнің ғылыми – зерттеушілік мәдениетін көтеру /насихаттау және тереңдету курстарын енгізу;
- жаңа буын оқулықтарын сұрыптау;
- дарындылықты дамыту бойынша тәжірибелік қызметті ұйымдастыру.

2.Педагогикалық кадрлардың үзіліссіз білім беруін басқару (дифференциалдық қатынас)

- озат озық тәжірибе жұмысын ұйымдастыру;
- жас мұғалімдер мектебін ұйымдастыру;
- шығармашыл, проблемалық, т.б. топтарға басшылық жасау.

3.Білімділік мониторингі.

Зерттеу бойынша диагностикалық қызмет:

- Кәсіби құзыреттілік пен педагогикалық жетістікті мұғалім деңгейінің динамикасы;
- Оқушылардың танымдық белсенділігінің динамикасы;
- Дарынды балалармен жұмысқа және ғылыми – зерттеу қызметіне педагогтардың дайындығы, т.б.

ӘБ жетекшілерінің жұмысы ӘБ өткен жылға жасаған талдаудың негізінде құрылады.

Жаңа оқу жылына әдістемелік жұмыс, оқу- тәрбие жоспарының міндеті сол негізде жасалу қажет.

ӘБ міндетіне сәйкес **ӘБ жұмысы мынаны жоспарлайды:**

- ӘБ отырыстарын өткізу.
- Нормативтік құжаттардың орындалуы, ӘБ ұсыныстары мен шешімдерінің орындалуы.
- Пән апталықтарын дайындау мен өткізу, конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу.

математика, информатика, физика

әдістемелік бірлестігінің

міндеті:

1. Мектептің әдістемелік бірлестігі мен мұғалімдердің жұмыстарын озат педагогикалық тәжірибе алмасуға, оқудағы жаңа әдістерді қолдануға, жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді ұйымдастыру .
2. Мұғалімдердің шығармашылығын іске асыруға, әдістемелік жұмыстың түрлерін жетілдіріп, дамытуға жағдай жасау(семинар, өзара сабаққа қатысу, біліктілігін көтеру курстары арқылы).
3. Математика, информатика, физика сабақтарында жеке тұлғаның рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, интеллектуалдық, азаматтық тәрбие беру.
3. Білім сапасын көтеру мақсатында жаңа технологияны жүйелі қолдану.
4. Жаңа инновациялық технологияларды меңгеріп, сабақта қолдану.
5. Оқыту барысында жеке тұлғаның қабілетін ескере отырып білім беру.
6. Оқушылардың танымдық, логикалық, шығармашылық қабілеттерін дамытуда тапсырмаларды түрлендіру.
7. Танымдылық белсенділікті анықтаудың мониторингтік көрсеткішінің жүйесін анықтау.
8. Оқушының танымдылық белсенділігін арту немесе кему себебін үнемі салыстырмалы саралау.
9. Дарынды оқушылармен жұмыс жасауда әр бағыт бойынша (олимпиада, ғылыми жұмыс, зияткерлік сайыс т.б.) нәтиже көрсету үшін сапалы жоспарлы жұмыс жасау.
10. Оқушылардың білім сапасын анықтау үшін тест және тоқсандық қорытындыларды жан-жақты талдау.
11. Сабақтың сапасын көтеруді жалғастыру, ақпараттық технологиялар және жеке-бағдарланған оқытудың технологияларын белсенді қолданумен сабақты жүргізудің әдістері мен түрлерін жетілдіру.

Пәндік ӘБ жұмысының негізгі бағыттары:

1. Нормативті құжаттарды оқып-үйрену.
2. Білім беруде жеке оқушының қабілетін ұйымдастыру.
3. Пән бойынша білім беру жүйесінің нәтижесін сараптау.
4. АКТ-ды қолдану арқылы

5. Кәсіби шеберлікті арттыру мақсатында сайыстарға белсенді қатысу, ӘБ жетекшілері, мұғалімдердің шығармашылық белсенділіктерін көтеру.

6. Оқытудың әдістері мен өзара сабаққа қатысу арқылы, өзара тәжірибе алмасу.

7. Оқушылардың денсаулықтарын сақтау.

Пән бойынша сыныптан тыс олимпиадалар, сайыстар.

Қазан: Мектепшілік пән олимпиадалары, «Алтын сақа»

Қараша: Аудандық пән олимпиадалары.

Желтоқсан : Аудандық пән олимпиадалары.

Қазан: «Кенгуру»

Ақпан «Самұрық», «Білген» тб

Сәуір: Мектепшілік «Дарын» ғылыми-практикалық конференциясы

Бастауыш мектеп, орта мектеп жүйесіндегі бірлескен жұмысты ұйымдастыру:

Қыркүйек: 5-сынып бойынша сынып аралық бақылау. Психолого-педагогикалық консилиум

Қазан: 6-7-8-сынып бойынша сынып аралық бақылау. Психолого-педагогикалық консилиум

Наурыз: 9-сынып бойынша сынып аралық бақылау. Психолого-педагогикалық консилиум

Сәуір: 10-сынып бойынша сынып аралық бақылау. Психолого-педагогикалық консилиум

Әдістемелік бірлестігінің айлық жоспар кестесі

Апта күні	Қыркүйек			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	Оқу кабинеттерінің сабаққа дайындығын тексеру.	Оқушыларды тілдер мейрамына дайындау	5-11 сынып оқушыларының сабаққа дайындығын тексеру	Бітіруші сынып оқушыларын ЖОО дайындау
Сейсенбі	Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарын тексеру.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	11-сынып оқушыларының шығармаларын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Жас мамандарға көмек көрсету	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Мұғалімдердің күнделікті жоспарын тексеру	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену
Жұма	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру	Тәлімгерлік жұмыстарын жүргізу	Оқулықтар мәселесін талқылау	Кәсіби қоғамдастық
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	5-11 сынып оқушыларынан алынған тест қорытындысын талқылау	КОУЧИНГ	Модерация

Апта күні	Қазан			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс	Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.	Оқушылардың үлгерімін бақылау	Бітіруші сынып оқушыларын ЖОО дайындау
Сейсенбі	Мұғалімдердің сабақтарына ену.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру	11-сынып оқушыларының шығармаларын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Жас мамандарға көмек көрсету	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Оқушыларды мектепшілік олимпиадаға дайындау.	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену
Жұма	Lesson Study	Lesson Study	Lesson Study	Рефлексия
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	5-11 сынып оқушыларынан алынған тест қорытындысын талқылау	Couching	Модерация

Апта күні	Қараша			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	Оқу кабинеттерінің сабаққа дайындығын тексеру.	Оқушылардың дәптерлерін, оқулықтарын, Күнделігін тексеру	Тәлімгерлік жұмыс	Бітіруші сынып оқушыларын ЖОО дайындау
Сейсенбі	Мектепшілік олимпиада өткізу	Мұғалімнің күнделікті, күнтізбелік Жоспарын тексеру. Тәлімгерлік жасау.	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру
Сәрсенбі	Тоқсан қорытындыларын дайындау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Жас мамандарға көмек көрсету	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Журналдарды тексеру	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену
Жұма	Lesson Study	Lesson Study	Lesson Study	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	5-11 сынып оқушыларынан алынған тест қорытындысын талқылау	Couching	Модерация

Апта күні	Желтоқсан			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	Оқу кабинеттерінің сабаққа дайындығын тексеру.	5-8 сынып оқушыларынан тест алу.	5- сынып оқушыларының оқу тездігін тексеру	11-сынып оқушыларын емтиханға дайындығын тексеру
Сейсенбі	Мұғалімдердің сабақтарына ену. Тәлімгерлік жасау.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	11-сынып оқушыларының шығармаларын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Сынақ хаттар алу 5-11 сыныптардан	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Мектепшілік оқу кабинеттерінің байқауын өткізу.	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену Тәлімгерлік жасау.
Жұма	Lesson Study	Lesson Study	Lesson Study	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	5-11 сынып оқушыларынан алынған тест қорытындысын талқылау	Couching	Модерация

Апта күні	Қаңтар			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	Оқу кабинеттерінің сабаққа дайындығын тексеру.	5-8 сынып оқушыларынан тест алу.	Кәсіби қоғамдастық	Бітіруші сынып оқушыларын ЖОО дайындау
Сейсенбі	Мұғалімдердің сабақтарына ену. Тәлімгерлік жасау.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	11-сынып оқушыларының шығармаларын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Жас мамандарға көмек көрсету. Тәлімгерлік жасау.	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Күнтізбелік, күнделікті жоспарларды тексеру.	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену
Жұма	Lesson Study	Lesson Study	Lesson Study	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	5-11 сынып оқушыларынан алынған тест қорытындысын талқылау	Couching	Модерация

Апта күні	Ақпан			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	ҰБТға дайындық	5-8 сынып оқушыларынан тест алу.	Кәсіби қоғамдастық	II-сынып оқушыларын емтиханға дайындығын тексеру
Сейсенбі	Мұғалімдердің сабақтарына ену. Тәлімгерлік жасау.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	II-сынып оқушыларының шығармаларын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	II-сынып оқушыларынан тест алу	Жас мамандарға көмек көрсету. Тәлімгерлік жасау.	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Мектепшілік оқу кабинеттерінің байқауын өткізу.	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену
Жұма	Lesson Study	Lesson Study	Lesson Study	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	Couching	Апта бойы атқарылған жұмыстарға рефлексия	Модерация

Апта күні	Наурыз			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	МАБқа дайындық	5-8 сынып оқушыларынан тест алу.	5- сынып оқушыларының оқу тездігін тексеру	11-сынып оқушыларын емтіханға дайындығын тексеру
Сейсенбі	Мұғалімдердің сабақтарына ену. Тәлімгерлік жасау.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	11-сынып оқушыларының шығармаларын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Жас мамандарға көмек көрсету. Тәлімгерлік жасау.	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Мектепшілік оқу кабинеттерінің байқауын өткізу.	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену
Жұма	Lesson Study	Lesson Study	Lesson Study	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	Couching	Апта бойы атқарылған жұмыстарға рефлексия	Модерация

Апта күні	Сәуір			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	Оқу кабинеттерінің сабаққа дайындығын тексеру.	5-8 сынып оқушыларынан тест алу.	5- сынып оқушыларының оқу тездігін тексеру	11-сынып оқушыларын емтіханға дайындығын тексеру
Сейсенбі	Мұғалімдердің сабақтарына ену. Тәлімгерлік жасау.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	11-сынып оқушыларының шығармаларын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Жас мамандарға көмек көрсету. Тәлімгерлік жасау.	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Мектепшілік оқу кабинеттерінің байқауын өткізу.	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену
Жұма	Lesson Study	Lesson Study	Lesson Study	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	Couching	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	Модерация

Апта күні	Мамыр			
	I апта	II апта	III апта	IV апта
Дүйсенбі	Оқу кабинеттерінің сабаққа дайындығын тексеру.	5-8 сынып оқушыларынан тест алу.	5- сынып оқушыларының оқу тездігін тексеру	11-сынып оқушыларын емтіханға дайындығын тексеру
Сейсенбі	Мұғалімдердің сабақтарына ену. Тәлімгерлік жасау.	9-10 сынып оқушыларынан тест алу	9-10 сынып оқушыларының дәптерін тексеру	11-сынып оқушыларының шығармаларын тексеру
Сәрсенбі	Оқушылардың дәптерлерінің тексерілуін қадағалау	11-сынып оқушыларынан тест алу	Тоқсан қорытындысын дайындау	Дарынды оқушылармен жұмыс
Бейсенбі	Мектепшілік оқу кабинеттерінің байқауын өткізу.	Әдістемелік журналдарға талдау жасау	Оқулықтағы қиын тақырыптарды талқылау	Мұғалімдердің сабақтарына ену. Тәлімгерлік жасау.
Жұма	Lesson Study	Lesson Study	Lesson Study	Оқу кабинеттерінің тазалығын тексеру
Сенбі	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	Модерация	Апта бойы атқарылған жұмыстарды қорытындылау	Couching

Ч6 Абай атындағы жалпы орта мектебi

«Педагогикалық дуэт» байқауы

Тәлімгер: Ж.С. Нахипбаева
Жас маман: Б.М. Салыбай

Ошақты ауылы
2023-2024 оқу жылы

Сіздердің назарларыңызға педагогикалық дуэтті ұсынамыз:

Мен, Нахипбаева Жамила Сатыбалдықызы

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің математика пән мұғалімі

Жалпы педагогикалық өтілім - 10 жыл

Білімім - жоғары

Санатым - педагог сарапшы

Мен, жас маман Салыбай Бауыржан Мұстафаұлының тәлімгерімін.

Мен көп уақытымды балалармен жұмыс жасап, алған тәжірибелеріммен бөліскім келді. Жас әріптесіме болашақта шығармашыл, талапты, іскер маман болып қалыптасуына бар көмегімді беретініме сенімдімін.

Мнеін басты міндетім:

- жас әріптесімінің кәсіби ортаға бейімделуі
- кәсібиліктің қалыптасуына ықпал ету
- отан кәсіби көмек және колдау көрсету
- оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру деңгейін арттыруға
- әдістемелік көмек көрсетуге, шығармашылығын шыңдауға, үздіксіз білім алуына жағдай жасау деп санаймын



Мен, жас маман Салыбай Бауыржан Мұстафаұлы

№46 Абай атындағы жалпы орта мектебінің математика пән мұғалімі
Білімім-жоғары

Педагогикалық өтілім-5 ай

Мен, педагогикалық кәсібімді жақын арада бастадым.

Бұл мен секілді жас маман үшін, еңбек жолымның манызды кезеңі.


Осы кезеңде маған кәсіби білікті мамандардың көмегі мен қолдауы өте манызды. Тәлімгер ұстаздың берген әдістемелік көмектері мен өткізілген сабақтары маған үлкен көмегін тигізді.

Мұғалім ретінде түсінгенім, балалар, ата-аналар және әріптестерімнің өмірінде манызды рөл атқаратыным.


Менің басты мақсатым білімді де білікті, шығармашыл, талапты, талантты, алған білімді өмірде қолдана алатын шәкірттерді тәрбиелеу.



Жоба тақырыбы: «Заманауи
білім берудің трендтерін
пайдалана отырып,
оқушылардың білім-білік
дағдыларын қалыптастыру»



$$2+2=1$$



Салыбай Бауыржан Мұстафаұлы жас маман
Нахипбаева Жамига Сатыбалдықызы тәлімгер

Менің кәсіби ұстанымым

«Мен өз шәкірттеріме ешқашанда үйретпеймін, мен тек олардың үйренуіне жағдай жасауға тырысамын»

А.Эйнштейн

Бірлескен жұмыс жоспары





Менің жетістіктерім





Тәлімгердің сабақтарынан үзінді



Жоба максаты:

Сапалы білім беруде заманауи технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы:

- Баланың бойына сенімділік пайда болады
- іздеңімпаздық пен тапқырлыққа ұмтылады
- Оқушылар жеке,жүппен, топпен жұмыс жасауға үйренеді
- Мұғалім тек бағыт-бағдар беруші
- Оқушылар сабақты өздігінен оқуға талпынады

Жоба міндеті

- оқушының әрбір сәтін ұтымды, қызықты етіп өткізу;
- оқушылардың пікірімен санау;
- жұмыс істеу барысында олармен ынтымақтастық орнатып, оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- шығармашылық қасиеттерін шыңдап, өмірде бәсекеге қабілетті жеке тұлға етіп тәрбиелеу.

Қазіргі таңда білім берудің жаңа философиясы қалыптасып, модернизация қарқынды жүріп келеді. Бүгінде біздің басты трендіміз - білімге екі тұрғыдан әсер ететін цифрлық революция. «Тренд» деген сөз ағылшын тілінен «тенденция» деп аударылады. Трендте болу «уақытқа сәйкес келу» және осы саладағы соңғы жаңалықтардан хабардар болуды білдіреді. Педагогикалық білім берудегі трендтер – білім берудегі тенденциялық өзгерістер. Білім берудегі заманауи трендтерге Smart- оқыту, білім берудегі робототехника, сыныптан тыс оқыту, саябақтардағы оқу, әлеуметтік медиа, білім берудегі ойындарға оқыту, жаратылыстану пәндерін оқыту әдістері (learning sciences), STEM –білім беру технологиясы, білім беру үдерісінде мобильді құрылғы пайдалану жатады.

- Smart оқыту мақсатқа және үздік нәтижеге талпынуды болжайды. Мақсатты дұрыс қоя білу – бұл жетістіктің жартысы. Smart – мақсатты да осындай, әр әрпі, сөзі бір бағытты көрсетеді:

• Smart оқыту мақсатқа және үздік нәтижеге талпынуды болжайды. Мақсатты дұрыс қоя білу – бұл жетістіктің жартысы. Smart – мақсаты да осындай, әр әрпі сөзі бір бағытты көрсетеді:

- S – Self Directed (өзін-өзі оқытуға бағдарланған)
- M – Motived – (белсенді танымдық іс-әрекетті негіздейді)
- A – Adaptive – (білім беру субъектісіне бейімделген)
- R – Resource Free – (білім беру ресурстарына еркін қолжетімділігі бар)
- T – Technology Embedded – (технологиялармен қамтамасыз етіледі).

Заманауи білім берудің трендінің бірі - Smart-оқыту. Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам біртіндеп Smart-қоғамға (Smart Society) қадам басып келеді. Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту Smart оқытуға ауысты.

«Smart» ағылшын тілінен аударғанда «ақылды» деген мағынаны білдіреді.[3] Ал ,технологиялық сипатта да осы мағынада жұмсалады. Яғни, ақылды технология, ақылды техника, пайдалануға ыңғайлы, мейлінше ықшам, көп функциялы құрылғыларды атаймыз.

Smart оқыту – оқытудың жаңа түрі, қарқынды дамып келе жатқан бірегей үдеріс. Smart білім ұғымының мәні – білімнің кең көлемді қолжетімділігі. Smart оқытудың мақсаты - білім беру процесін электронды ортаға көшіру арқылы оқыту процесін тиімді ету.Бұл әлеуметтік желілер арқылы білім алу, алмасу, жеке тұлғалық ерекшеліктерді ескере отырып оқыту қызметі, оқушыға бағытталған, бағдарланған, орталықтандырылған оқыту ортасы, ең соңында Smart құрылғыларды пайдалана отырып оқыту деген тұжырымдарды қамтиды.

Қазіргі ақпараттық жаһандану заманында жаңа технологиялардың тез дамуы кезінде машина жасау, IT технологиясы, ғылым, өнер, және т.б. мамандықтарға сұраныс көбейді. Болашақта елестету қиын болатын мамандықтар пайда болып жатыр. Олар жана био, нанотехнологиялар, жаратылыстану ғылымдары, инженерлік салада білімділікті талап етеді. Осындай мамандарды даярлауды мектептен бастауымыз қажет.




STEM (science-ғылым, technology-техника, engineering - инженерлік, mathematics - математика, бұрын METS деп аталатын)- бұл ғылым, техника, инженерлік және математика бойынша оқу пәндері.[2]

STEM- мектеп оқушыларын оқытудың жаңа әдістемесі және әлемдік білім берудегі трендтердің бірі. STEM әлемдік жүйесінің жаңа тренді білім беру робототехникасы болды, ол бағдарламалау және құрастыру дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта STEM білім беру белсенді дамып келеді, негізгі идеясы жаратылыстану ғылымдарының интеграциясы болып табылатын бағыт ретінде, технологиялар, модельдеу, өнер, математика, пәнаралық және колданбалы тәсілдерді қолдану.[2] " STEAM-білім" бағдарламасы бойынша білім алғушылар физика және математика пәнінен басқа робот техникасын үйренеді, өзінің роботтарын бағдарламалап құрастыра біледі. STEM - оқытудың біріктірілген тәсілі. STEM - оқушыларға пәнаралық және колданбалы әдісті қолдану арқылы оқыту идеясына негізделген оқу жоспары. STEM бес пәнді жеке-жеке оқытпай, оларды біртұтас оқыту жолына біріктіреді. Осы технологиямен жұмыс істеудің манызды ерекшелігі - бұл жобадары ұжымдық жұмыс. STEM - білім берудің мақсаты – балаларға білім беру робототехникасының әртүрлі бағыттарын және оны меңгеруге, сонымен қатар күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беру.








Сонымен қатар, білім беру негізгі міндеті оқыту үшін пәнаралық, шығармашылық, жоба негізіндегі тәсіл негізінде оқушылардың құзыреттілігін дамыту болып табылады.

Мен сабақтарымда STEM білім беру бағдарламасын қолдандым. Бұл кіріктірілген сабақтар болғандықтан математика сабақтарында, информатика сабағымен пенаралық байланыс орнаттым. Оқушылармен Google Jamboard, Google Forms бағдарламаларын қолдандым. Google Jamboard бағдарламасы арқылы тесттер, ББЖ, ТЖБ, диаграммалар құрастыруға, кері байланыс орнатуға болады. Google Forms бағдарламасы арқылы тестер құрастырудың мүмкіндігі жоғары. Бұл бағдарламалар арқылы оқушылар жеке, топтық жұмыстар, сызбалар салуды, тесттер құрастыруды, кері байланыс орнатуды жүзеге асыра алады. Оқушылар пенаралық байланыс орната алады.

Google Forms



Google Jamboard



Қортынды:

Өзгелдегі өзгерісті көргін келсе , ол өзгеріс алдымен өзінде болсын. Шығармашыл болудың тұжырымдамалық түп негізі «ар адамның өзі» деген философиядан алынатындығы, яғни-өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі өзектендіре алу, өзін-өзі іске қосу, өзін-өзі дамыту-бұл бүгінгі күннің ақиқаты, ал ақиқат арқашанда өз дегенін орындатпай қоймасы анық.